

8. Ж.О. Омирали, А.М. Сулеева, Б.Қ. Ильясова **ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СУДЕБНОЙ РЕФОРМЫ: ИТОГИ И ДАЛЬНЕЙШАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ** Евразийская юридическая академия имени Д.А. Кунаева, Казахстан, г. Алматы, 2018 № 2, стр. 215.

REFERENCES

1. **Poslanie glavy` gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokaeva narodu Kazakhstana ot 01.09.2020** [E`lektronny`j resurs] Rezhim dostupa: URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g (data obrashheniya 10.01.2021 g.)
2. **Plan naczii - 100 konkretny`kh shagov po realizaczii pyati institucional`ny`kh reform Glavy` gosudarstva Nursultana Nazarbaeva, maj 2015** [E`lektronny`j resurs] Rezhim dostupa: URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31977084#pos=4;-106 (data obrashheniya 10.01.2021 g.)
3. **Grazhdanskij proccessual`ny`j kodeks RK ot 31 oktyabrya 2015 goda # 377-V** [E`lektronny`j resurs] Rezhim dostupa: URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=34329053#pos=2;-106 (data obrashheniya 13.01.2021 g.)
4. **Zakon Respubliki Kazakhstan ot 10 iyunya 2020 goda # 342-VI «O vnesenii izmenenij i dopolnenij v Grazhdanskij proccessual`ny`j kodeks Respubliki Kazakhstan po voprosam vnedreniya sovremenny`kh formatov raboty` sudov, sokrashheniya izlishnikh sudebny`kh procedur i izderzhek»** [E`lektronny`j resurs] Rezhim dostupa: URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=37932286&show_di=1 (data obrashheniya 05.02.2021 g.)
5. **Prikaz Rukovoditelya Departamenta po obespecheniyu deyatel`nosti sudov pri Verkhovnom Sude Respubliki Kazakhstan (apparata Verkhovnogo Suda Respubliki Kazakhstan) ot 20 iyulya 2020 goda # 17 O vnesenii dopolneniya v prikaz Rukovoditelya Departamenta po obespecheniyu deyatel`nosti sudov pri Verkhovnom Sude Respubliki Kazakhstan (apparata Verkhovnogo Suda Respubliki Kazakhstan) ot 15 oktyabrya 2019 goda # 7 «Ob utverzhdenii Pravil primeneniya tekhnicheskikh sredstv svyazi, obespechivayushhikh uchastie v sudebnom zasedanii, i trebovaniya k nim»** [E`lektronny`j resurs] Rezhim dostupa: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36209426 (data obrashheniya 06.02.2021 g.)
6. **MENDY`BEKOVA A. K. VNEDRENIE CzIFROVOGO PRAVOSUDIYa V KAZAKhSTANE** [Tekst] / 3i: intellect, idea, innovation – 2019. – 3. – S. 105 [E`lektronny`j resurs] Rezhim dostupa: URL: <http://3i.ksu.edu.kz/files/3i/3i-3-2019.pdf>
7. **Konstituzionny`j zakon Respubliki Kazakhstan ot 7 dekabrya 2015 goda # 438-V «O Mezhdunarodnom finansovom centre «Astana»** [E`lektronny`j resurs] Rezhim dostupa: URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=39635390 (data obrashheniya 08.02.2021 g.)
8. **Zh.O. Omirali, A.M. Suleeva, B.Қ. Il`yasova OSNOVNY`E NAPRAVLENIYa SUDEBNOJ REFORMY: ITOGI I DAL`NEJShAYa MODERNIZACziYa SUDEBNOJ SISTEMY`** Evrazijskaya yuridicheskaya akademiya imeni D.A. Kunaeva, Kazakhstan, g. Almaty`, 2018 # 2, str. 215.

Сведения об авторе:

Мендыбекова Алия Кенесарыевна – старший преподаватель Костанайского регионального университета имени А. Байтурсынова, кафедры гражданского права и процесса, 110000 Республика Казахстан, г. Костанай, ул. Байтурсынова, 47, тел. +77014052721, e-mail Aliyamendybekova@mail.ru

Мендыбекова Алия Кенесарыевна - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің азаматтық құқық және іс жүргізу кафедрасының аға оқытушысы Қазақстан Республикасы, Қостанай қ. Байтұрсынов, 47, тел. +77014052721, e-mail Aliyamendybekova@mail.ru

Mendybekova Aliya - senior Lecturer of the Department of Civil Law and Procedure, Kostanay Regional University named after A. Baitursynov, Republic of Kazakhstan, Kostanay, st. Baitursynov, 47, tel. +77014052721, e-mail Aliyamendybekova@mail.ru

ӨОЖ 349.3

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАСЫН ТӨМЕНДЕТУ МӘСЕЛЕСІ

Тажибаева А.Х. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің азаматтық құқық және процесс кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

Мақалада еліміздегі зейнетақы жасын төмендету мәселесі, оның ішінде әр түрлі елдермен салыстырмалы түрде берілген негіздемелері жөнінде мәліметтер қарастырылған. Автор бұл мақалада зейнетақы жасының кезең кезеңмен көтерілуінің халыққа тиімсіз екендігін негіздейтін ұсыныстарға назар аударған. Оның мемлекет үшін тиімді тұстарын атап көрсеткен, біріншіден,

зейнетақы жарналарын аударып зейнетақы қорларының шоттарын толтыра отырып, зейнетақы жинақтарының сақталуына және өсуіне кепілдік беру; екіншіден, мемлекет бюджетінің шығыстарына ортақтаспайтын мемлекеттік бюджет тапшылығының ұлғаюына жол бермеу. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасында Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша азаматтардың зейнеткерлікке жеңілдікпен шығу негіздері көзделген, бірақ бұл нормалар халықтың барлық санаттарын бірдей қамтымаған. Азаматтардың арасында теңсіздіктерді болдырмау мақсатында әр түрлі елдердегі ерлер мен әйелдердің зейнетақы жасы көрсетішін айқындайтын диаграмма әзірленген. Мақалада 1997 жылы орын алған зейнетақы реформасының нәтижесінде қабылданған зейнетақы жүйесінің тиімсіз тұстары баяндалады.

Мақалада Еуропа елдерімен, Қытай Халық Республикасымен және көршілес елдермен оның ішінде Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркіменстан сынды елдерде зейнеткерлікке шығу жасының салыстырмалы талдауы, сондай-ақ зейнетақы жасын төмендету жағдайларын көздейтін ұсыныстар қарастырылған.

Түйінді сөздер: зейнетақы, зейнеткерлер, зейнетақы жасы, құқық, зейнетақы жүйесі, зейнетақымен қамсыздандыру.

ISSUES OF REDUCING THE RETIREMENT AGE OF KAZAKHSTANIS

Tazhibaeva A.H. - Senior Lecturer of the Department of Civil Law and Procedure, Master of Law, Kostanay Regional University named after A. Baitursynov

The article considers the issues of reducing the retirement age in the country, based on a comparative analysis with other countries. The author in this article drew attention to the proposals that justify the ineffectiveness of a phased increase in the retirement age for the population. Emphasizing its advantages for the state, firstly, to guarantee the safety and growth of pension savings by transferring pension contributions and replenishing the accounts of pension funds; secondly, to prevent an increase in the state budget deficit that is not related to state budget expenditures. At the same time, the Law of the Republic of Kazakhstan "On Pension Provision in the Republic of Kazakhstan" provides for the grounds for preferential retirement of citizens, but these norms do not cover all categories of the population. In order to eliminate inequality between citizens, a chart has been developed that determines the retirement age of men and women in different countries. The article describes the inefficiency of the pension system adopted as a result of the pension reform of 1997.

The article considers a comparative analysis of the retirement age with European countries, the People's Republic of China and neighboring countries, including in such countries as Russia, Uzbekistan, Tajikistan, Kyrgyzstan, Turkmenistan, and also offers proposals that provide for the conditions for reducing the retirement age.

Key words: pension, pensioners, retirement age, law, pension system, pension provision.

ВОПРОСЫ СНИЖЕНИЯ ПЕНСИОННОГО ВОЗРАСТА КАЗАХСТАНЦЕВ

Тажобаева А.Х. – старший преподаватель кафедры гражданского права и процесса, магистр юридических наук, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова

В статье рассмотрены вопросы снижения пенсионного возраста в стране, на основе сравнительного анализа с другими странами. В этой статье обращается внимание на предложения, обосновывающие неэффективность поэтапного повышения пенсионного возраста для населения. Подчеркнув его преимущества для государства, во-первых, гарантировать сохранность и рост пенсионных накоплений, перечисляя пенсионные взносы и пополняя счета пенсионных фондов; во-вторых, не допускать увеличения дефицита государственного бюджета, не связанного с расходами государственного бюджета. Вместе с тем, Законом Республики Казахстан» О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан" предусмотрены основания льготного выхода граждан на пенсию, но эти нормы не охватывают все категории населения. В целях исключения неравенства между гражданами разработана диаграмма, определяющая показатель пенсионного возраста мужчин и женщин в разных странах. В статье рассказывается о неэффективности пенсионной системы, принятой в результате пенсионной реформы 1997 года.

В статье дан сравнительный анализ возраста выхода на пенсию с европейскими странами, Китайской Народной Республикой и соседними странами, в том числе в таких странах, как Россия, Узбекистан, Таджикистан, Кыргызстан, Туркменистан, а также предложены предложения, предусматривающие условия снижения пенсионного возраста.

Ключевые слова: пенсия, пенсионеры, пенсионный возраст, право, пенсионная система, пенсионное обеспечение.

Кіріспе. Жыл басынан бері зейнетақы жасын төмендету мәселесі талқыға салынып келеді. Оның бірден бір себебі халықтың әлеуметтік жағдайын түзету, жұмыссыздықтың алдын алу, оның ішінде жұмыссыз жастар санын азайту, өркениетті елдердің қатырына қосылу және өзге де себептер орын алып отыр.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңына (бұдан әрі – «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заң) сәйкес: «Зейнетақы дегеніміз мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің және жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және еңбек сіңірген жылдары үшін және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы» [1]. Елімізде зейнетақымен қамсыздандырудың үш жүйесі қалыптасқан: жасына байланысты жәрдемақы, базалық зейнетақы және жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы. Кез келген зейнетақы түрі, ол әрбір азаматтың еңбек өтіліне байланысты. Неғұрлым еңбек өтілі жоғары болса, соғұрлым зейнетақы мөлшері де жоғары болады.

Мақаланың мақсаты: еліміздегі зейнетақы жасын жоғарылатудың кемшіліктерін ақындай отырып, жастар арасындағы жұмыссыздық санын азайту. Міндеттері: зейнетақы жасын жоғарылатуға түрткі болып отырған себептерін айқындау; шет елдердің зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіндегі зейнетке шығу жасын бекітетін нормаларға талдау жасау.

Негізгі бөлім. Жыл басынан бері қызу талқыға түсіп жатқан мына жағдайлар дәлел, оның бірі зейнетақы жасын төмендетпеуі, екіншіден зейнетақы жинақтарын жинақтаушы қорлардан тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, тұрғын үй және бір банктік қарыз шарты шеңберінде жөндеу жүргізумен қоса тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарна енгізге, тұрғын үй және бір банктік қарыз шарты шеңберінде жөндеу жүргізумен қоса тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша қарызын ішінара немесе толық өтеуге, ипотекалық тұрғын үй берешегін қайта қаржыландыру жолымен тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, емделуге ақы төлеу мәселесі.

ҚР Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңына 11 бабына сәйкес, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау: 2001 жылғы 1 шілдеден бастап – ерлерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге 58 жасқа толғанда жүргізіледі. Ал 2018 жылдан бастап әр бір жыл үшін жарты жастан қосылып отырады. Аталған заңда зейнеткерлікке жеңілдікпен шығу шарттары көзделген: төтенше және радиация қаупі ең жоғары аймақтарда 1949 жылғы 29 тамыз – 1963 жылғы 5 шілде аралығындағы кезеңде кемінде 5 жыл тұрған азаматтардың «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсан N 1787-XII Заңына (бұдан әрі – «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заң) сәйкес: «ерлердің – 50 жасқа толғанда; әйелдердің – 45 жасқа толғанда жасына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалуына құқығы бар. Сонымен қатар, 5 және одан көп бала туған (асырап алған) және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдердің 53 жасқа толғанда жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар» [2]. Бұл реттерден басқа өндіріс орындарында, ауыр жұмыстар істейтін әйел азаматтардың зейнетке шығу жасын төмендемей, керісінше 2027 жылға дейін 63 жасқа көтерілуі көзделген.

Ел қалаулыларының бастауымен Үкіметке зейнетақы жасын төмендету мәселесі ұсынылған болатын. Бірақ, зейнетақы жасын ұлғайту немесе төмендету бір мезетте шешілетін дүние емес. Ол кез келген елде, әлемде бұл мәселеге қатысты шешімдер қабылдағанда ұзақ мерзімді жасалған болжамдарға сүйеніп жасалады. Зейнетақы жасын төмендету үшін экономикалық, демографиялық, еңбек-нарықтық мәселесі, халықтың қартаю динамикасы ескеріледі. Бұл жерде жұмыс істеп отырғана азаматтар мен зейнеткерлердің санының арасындағы қатынас мөлшері, халықтың қартаю динамикасы және басқа да жағдайлар ескеріледі. Осыдан 2 жыл бұрын зейнеткерліміздің саны жұмыс істеп жүргенде қатысты 20 пайыз болса 5 адам 1 зейнеткерге қазір ол 30 пайыздан асып жатыр. Халықтың қартаю динамикасы 65 жастан асқан аға буындардың саны да көбейіп жатыр. 5 жыл бұрын сол 6,8 болса қазір 7 пайызға жетті. Әлемде бұл көрсеткіш министрдің сөзінше, дүние жүзінде әлемде бұдан да жоғары 20%-дан асады, Америкада – 16-18%, Еуропада - 20%, Ресейде – 15,5%. Сондықтан осы әлемдегі трендтерді ескере бүкіл дүние жүзіндегі елдер қайта зейнетақы жасын ұлғайтуға барып жатыр. Әрине Еуропа, басқа дамыған елдерде зейнет жасы біздікілерден қарағанда бұрында да жоғары етін, бірақ өзіміздің көршілес елдерімізді қарасақ та мысалы Ресейде 2019 жылдан бастан ерлер мен әйелдерге зейнетақы жасын 5 жасқа ұлғайту шаралары қолдана бастады. Өзінбайжанда 2017 жылдан бастап, 60 жастан 65 жасқа, Грузияда ерлерге 65, әйелдерге 60 жаста, Латвияда да 62 ден 65 жасқа көтеру қазір жүріп жатыр. Беларусьда 2017 жылда шешім қабылдап кезең кезеңмен ерлерге 60 жастан әйелдерге 58 жасқа дейін көтеру қаралған. Сондықтан да, осы әлемдік тәжірибеге сүйенет отырып біздің елде де зейнетақы жасын төмендету мәселесі қарыстырылмайтын болды [3].


Көршілес Ресейді айта кетсек, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап азаматтардың зейнетақы құқықтарын қалыптастырудың және сақтандыру зейнетақысын тағайындаудың жаңа тәртібі енгізілді. Жаңа зейнетақы формуласын енгізудің басты мақсаты - қаржылық теңгерімділікті қамтамасыз ету кезінде зейнетақы міндеттемелерін орындау, зейнетақы жүйесін жетілдіру және зейнетақы жүйесіне

өнімді жұмысқа деген ынтаны қалыптастыратын ынталандыру сипатын беру. Бұл ретте 2030 жылға қарай зейнеткердің ең төмен күнкөріс деңгейінің 2,5-3 деңгейінде қарттық бойынша сақтандыру зейнетақысының орташа мөлшеріне қол жеткізу және орташа жалақы кезінде кемінде 35 жыл сақтандыру жарналарын төлеу кезінде жоғалған жалақының 40 пайызына дейін қарттық бойынша сақтандыру зейнетақысымен алмастыру коэффициентіне қол жеткізу міндеттері шешіледі. Сақтандыру зейнетақыларының мынадай түрлері көзделеді: кәрілік бойынша сақтандыру зейнетақысы; мүгедектігі бойынша сақтандыру зейнетақысы; асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша сақтандыру зейнетақысы. Кәрілік бойынша сақтандыру зейнетақысына құқықтың пайда болу шарттарының бірі болып: ерлер үшін 60 жасқа толу, әйелдер үшін 55 жасқа толу танылады [4, 90 б.] Егер 2020 жылы ресейліктер 55,5 (әйелдер) және 60,5 жаста (ер адамдар) зейнетке шықса, 2021 жылдан бастап бұл бір жылға қосылып отырады. 2028 жылы әйелдер үшін зейнеткерлік жас 60 жаста, ерлер үшін - 65 жаста белгіленеді. Бірақ егер адам жұмыс таба алмаса, ол мерзімінен екі жыл бұрын зейнетке шыға алады. Бұл дегеніміз біздің елден қарағанда анағұрлым төменірек. Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңының 11 бабына сәйкес, әйелдерге 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап жарты жыл қосыла отырып, 2027 жылдың 1 қаңтарынан 63 жасқа толғанда шығады. Жоғарыдағы статистикалық мәліметтерге сүйенсек ешбір елде ерлер мен әйелдердің зейнетке шығу жасы бірдей болып көзделмеген. Елімізде жүріп жатқан індеттің салдарынан 2021 жылғы 6 ақпандағы жағдайы бойынша 3119 адам көз жұмған. Оның көп бөлігі 65 жастан асқан егде адамдар [5]. Мұның өзі зейнетақы жасын төмендетудің бір дәлелі. Экономикасы дамыған елдермен салыстырғанда

Қытай Халық Республикасының зейнетақы жүйесіне көз жүгіртсек, өндіріс орындарда жұмыс істейтін әйелдер 50 жаста, ерлер 60 жаста зейнетке шығады. Ал, өндіріспен байланысты емес жұмыс жасайтын әйелдер 55 жаста, ерлер сол 60 жаста шығады. Біздің елімізде де ауыр жұмыстарда, яғни өндіріс орындарында, зауыт-фабрикаларда істейтін қаншама әйел заты бар. Бірақ, оларға ға зейнеткерлік жасы 63 жас деп көзделген. ҚХР Қазақстандағыдай жинақтаушы және мемлекеттен төленетін базалық зейнетақы қарастырылған. Олардың зейнетақы жүйесінің бір ерекшелігі ауыл тұрғындары мен қала тұрғындарының аударатын жарналарының мөлшері әр түрлі және зейнетақы жарнасын аудару аудармау құқығы берілген. Зейнетақы жарнасын аудармайтын азаматтарға да зейнет жасына жеткенде базалық зейнетақы қарастырылған (70-80 юань көлемінде). Интернет желілерінде Қытайда зейнеткерлік жасты төмендету жоспарланғаны туралы ақпарат кеңінен таралған. Ресми ресурстарға жүгіну бәрі керісінше екенін көрсетті. Елде шығу мерзімі біртіндеп артып келеді және 2048 жылға қарай халықтың негізгі бөлігі үшін ол 65 жыл болады деген болжам бар. Салыстырмалы түрде алып қарасақ біздің елмен салыстырғанда әлі 30 жылдай уақыт бар.

Өзімізден көршілес Өзбекстанды алып қарасақ, бүгінгі таңда мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау тұжырымдамасы пысықталуда. Бұл ретте, оның айтуынша, бүкіл процесті кезең-кезеңімен және ауыртпалықсыз ету үшін зейнеткерлік жасты арттыру 2022 жылға да ауыстырылуы мүмкін. Қолданыстағы зейнетақы жүйесі 3,3 миллионнан астам азаматты немесе ел халқының шамамен 10% қамтиды. Мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау тұжырымдамасының бұрын жарияланған жобасына сәйкес, елімізде зейнетақы жасын ерлер үшін – 63 жасқа, әйелдер үшін-58 жасқа дейін кезең-кезеңімен ұлғайту жоспарланған болатын. Зейнетақы жасы жыл сайын 6 айға арттырылатын болады. Жүргізілген талдаулар әлемде ерлер мен әйелдер үшін орташа зейнетақы жасы 62 жасты құрайтынын көрсетті, ал Өзбекстанда бұл көрсеткіш 57,5 жасты (әйелдер үшін – 55 жасты және ерлер үшін 60 жасты) құрап отыр [6, 113 б.].

Кесте



Орталық Азия елдерінде, мысалы, Өзбекстанда, Қырғызстан және Тәжікстанда жасы бойынша зейнетке шығу құқығы ерлер үшін 63 жаста, ал әйелдер үшін – 58 жаста. Түркіменстанда зейнетке шығу жасы ер адамдар үшін 62 жас, әйелдер үшін 57 жас. Тек Қазақстанда ғана әйелдердің зейнеткерлік жасы жыл сайын кезең-кезеңімен 6 айға ұлғая отырып, 63 жасқа дейін жеткізілетін болады. Төменде кестеде көрсетілгендей зейнетке шығу жасының жоғарылығы жағынан алғашқы орындардың біріндеміз.

Елімізде зейнетақы жасы Еуропа елдеріне қарап өсіп келеді. Еуропа мен Қазақстанның өмір сүру салтын мүлде салыстыруға келмейтін жағдай екенін айтпаса да түсінікті. Егер өмір сүру деңгейіміз сол елдермен бара бар болса мейлі ғой. Еуропада зейнетке шығу жасы нақты елге байланысты ерекшеленеді. Германияда, егер азамат мүгедек болмаса немесе басқа жеңілдік санатындағы өкіл болмаса, сіз 65-те жұмысты аяқтай аласыз. Қазір зейнетақы жүйесі 1964 жылы және одан кейін туылған адамдар 67-де ғана қызметтен кете алатындай етіп реформалануда. Жас шектеуі әйелдер үшін де, ерлер үшін де бірдей. Францияда зейнетке шығу: 2018 жылы жасы 62,5-ке дейін өсті (жынысы бойынша бөлінбестен). Заңда көзделген барлық төлемдерді алу үшін сізде кемінде 42 жыл жұмыс өтілі болуы керек. Егер жұмыс тәжірибесі жеткіліксіз болса, сіз 67 жылға дейін жұмыс істей аласыз және барлық соманы ала аласыз. Ұлыбританияда 2018 қарашасынан бастап ерлер де, әйелдер де 65-да құрметті демалысқа шыға алады. Ал жақын арада билік жас деңгейін 67-ге дейін арттыруды жоспарлап отыр. Максимальды зейнетақы алу үшін ағылшын 2044 жылы ең төменгі жұмыс өтіліне мүмкіндік береді. Егер сіз тек Батыс Еуропа елдерімен шектелмесеңіз және Швеция, Бельгия, Дания, Италия, Швейцария, Норвегия, Финляндия сияқты мемлекеттерді алсаңыз, онда Еуропа елдеріндегі зейнеткерлік жас біршама ерекшеленеді. 2020 жылғы көрсеткіш бойынша: Бельгия 65, бірақ 41 жылдан астам тәжірибесі болса, сіз 63-ке шыға аласыз, Дания 67, Италия 62-егер сізде 38 жыл жұмыс өтілі болса, бірақ жалпы «жас + еңбек өтілі = 100» формуласы жұмыс істейді, яғни үлкен жұмыс өтілі болса, сіз жұмыстан ертерек шыға аласыз, Норвегия 67, Финляндия 63, бірақ әртүрлі себептермен сіз 60-та шыға аласыз, Швеция 65, бірақ кейбір бенефициарлар қызметтен ертерек кетуі мүмкін, Швейцария әйелдер-64, ерлер-65 шығады.

1997 жылы елімізде зейнетақы реформасы орын алып, Чилидің моделі бойынша «жинақтаушы зейнетақы жүйесін» қабылдаған болатынбыз. Бұл дегеніміз халқы жағынан аз, жас құрылған мемлекет бола тұра осындай эксперименттерді жасау біз үшін тиімсіз болды. Мұнда халықтың мұң-мұқтажы қарастырылмады [7, 225 б.].

Қорытынды. Қорыта келе, зейнеткерлік жасты төмендету арқылы жұмыссыздық өршіп тұрған уақытта, жастарға жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік туады. Жұмыс берушілердің өзі денсаулығы нашар, көру қабілеті нашарлаған, жиі ауыратын, еңбек өнімділігі төмен адамдарды жұмысқа алуға асықпайды. Біз өнімділігі жағынан дамыған елдерден біршама артта қалып отырмыз. Егер зейнет жасының өсуі орын алса, онда зейнеткерлер жалақысы жоғары орындар үшін жас адамдармен бәсекелесуге мәжбүр болады. Жалақысы төмен жұмыс орындарында тәжірибесіз мамандардың саны артады. Қазақстанда өмір сүрудің орташа жасы зейнеткерлік жасымен шамалас. Экономикасы дамыған елдерде зейнетке шыққан қариялар қалған өмірін демалуға, ел аралауға, өзін өзі күтуге арнаса, ал біздің елімізде әбден ауыр жұмыс істеп, соның салдарынан демалудың орнына денсаулығын қалпына келтірумен уақыттарын өткізеді. Сондықтан да, зейнетақы жасын 60 жасқа дейін төмендеткеніміз дұрыс. Зейнет жасын кезең-кезеңмен ұлғайтып, ерлер мен әйелдердің зейнеткерлік жасын теңестірудің мәні жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы** Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңы. [Электрондық ресурс] Қатынас режимі: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31408581 (өтініш берген күні 04.01.2021 ж.)
2. **Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы** Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсан N 1787-XII Заңы. [Электрондық ресурс] Қатынас режимі: URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920003600> (өтініш берген күні 05.01.2021 ж.)
3. **Үкімет зейнетақы жасын төмендетуді қарастырмайды** [Электрондық ресурс] Қатынас режимі: URL: https://yandex.kz/video/preview/?text=Үкімет%20зейнетақы%20жасын%20төмендетуді%20қарастырмайды&path=wizard&parent-regid=1614934131519785-664760667672559798400278-prestable-app-host-sas-web-yp-20&wiz_type=v4thumbs&filmId=7168916865314358616 (өтініш берген күні 08.01.2021 ж.)
4. **Черевко Н.В. Право социального обеспечения. Пенсионная система Российской Федерации** [Текст] / Черевко Н.В. // Ростов-на-Дону, 2014. – С.112
5. **Қазақстан коронавирустуралы егжей-тегжейлі статистика** [Электрондық ресурс] Қатынас режимі: URL: <https://coronavirusstat.ru/country/kazakhstan/1565899/> (өтініш берген күні 04.01.2021 ж.)
6. **Хасанов А.А., Ишмухамедова Р.А. Право социального обеспечения** [Текст]: / Хасанов А.А., Ишмухамедова Р.А. // Ташкент, 2012. – С.488

7. Тажобаева А.Х. Еңбек дауларын реттеудегі медиация процедурасы [Мәтін]: / Тажобаева А.Х. // Көпсалалы ғылыми журнал «3i: intellect, idea, innovation». Қостанай. - 2016. №1– 225 б.

REFERENCES:

1. **On Retirement Insurance in the Republic of Kazakhstan** The Law of the Republic of Kazakhstan dated 21 June, 2013 No. 105-V. [Electronic resource] access mode: URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920003600> (application date 04.01.2021)

2. **On social protection of citizens who suffered from nuclear tests at the Semipalatinsk nuclear test site** Law of the Republic of Kazakhstan of December 18, 1992 N 1787-XII. [Electronic resource] access mode: URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920003600> (application date 05.01.2021)

3. **The Government does not provide for a reduction in the retirement age** [Electronic resource] access mode: URL: https://yandex.kz/video/preview/?text=Үкімет%20зейнетақы%20жасын%20тәмендетуді%20қарастырмайды&path=wizard&parent-regid=1614934131519785-664760667672559798400278-prestable-app-host-sas-web-yp-20&wiz_type=v4thumbs&filmId=7168916865314358616 (application date 08.01.2021)

4. **Cherevko N.V. law of Social Security. Pension system of the Russian Federation** [text] / Cherevko N.V. // Rostov-on-Don, 2014. - 112 P.

5. **Detailed statistics on coronavirus in Kazakhstan** [Electronic resource] access mode: URL: <https://coronavirusstat.ru/country/kazakhstan/1565899/> (application date 04.01.2021)

6. **Khasanov A. A., Ishmukhamedova R. A. Law of social provision** [text]: / Хасанов А.А., Ишмухамедова Р.А. // Tashkent, 2012. - 488 P.

7. **Tazhibayeva A.H. Mediation procedure in the settlement of labor disputes** [text]: / Tazhibayeva A. Kh. // Multidisciplinary scientific journal "3i: intellect, idea, innovation". Kostanay. - 2016. № 1– 225 P.

Автор жөнінде мәлімет

Тажобаева Айжан Халилұллақызы – азаматтық құқық және процесс кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Байтұрсынов 47, моб.87014278155; e-mail: ath84@mail.ru.

Тажобаева Айжан Халилұллаевна – старший преподаватель кафедры гражданского права и процесса, магистр юридических наук, Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, г. Костанай, ул. Байтұрсынова 47, моб.87014278155; e-mail: ath84@mail.ru.

Tazhibayeva Aizhan Xalylullaevna - Senior Lecturer of the Department of Civil Law and Procedure, Master of Law, Kostanay Regional University named after A. Baitursynov, 47 Baitursynov str., Kostanay, mob.87014278155; e-mail: ath84@mail.ru.